

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

**Астана
22 мамыр, 2024 ж.**

УДК 159.922.7

ББК 88.8

Б 83

Бас редактор/главный редактор:

Асылбекова М.П. – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор (заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор)

Б 83 «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғыл.-прак. конф. материалдар жинағы (22 мамыр, 2024 жыл) = Сборник материалов межд. науч.-прак. конф. «Актуальные вопросы буллинга: теория и практика» (22 мая, 2024 года). / Бас ред./гл. ред.: Асылбекова М.П./ – Астана: «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2024. – 468 б. (с.)

ISBN 978-601-326-780-7

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены статьи казахстанских и зарубежных ученых, преподавателей вузов, школьных учителей, студентов, магистрантов, докторантов.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасы аясындағы «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

УДК 159.922.7

ББК 88.8

ISBN 978-601-326-780-7

© «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, 2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. –	ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
Асылбекова М.П. –	педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;
Атемова К.Т. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Албытова Н.П. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Сламбекова Т.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Жубакова С.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Жукенова Г.Б. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Махадиева А.К. –	философия докторы (PhD), доцент м.а.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, аға оқытушы

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. –	председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;
Асылбекова М.П. –	заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;
Атемова К.Т. –	доктор педагогических наук, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	доктор педагогических наук, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	доктор педагогических наук, профессор;
Албытова Н.П. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Сламбекова Т.С. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Жубакова С.С. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Жукенова Г.Б. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Махадиева А.К. –	доктор философии (PhD), и.о. доцента.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, ст. преподаватель.

негіздері деп айтуға болады. Педагогикалық жағдайлар әртүрлі болуы мүмкін. Бұған мыналар жатады: студенттердің өзіндік жұмысы, дұрыс құрылған педагогикалық қатынастар және педагогикалық өзара іс-қимыл; ақпараттық-қаныққан білім беру ортасын қалыптастыру; оқытудың белсенді әдістерін кешенді пайдалану; оқыту нәтижелерінің мониторингі және т.б. оқытудың сауатты құрылған педагогикалық шарттары білім алушыларда қоғам дамуының осы кезеңі үшін қажетті ақпараттық мәдениет деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Оқушылардың ақпараттық мәдениетін дамыту-бұл мұғалімдер мен психологтар тарапынан кешенді көзқарасты талап ететін күрделі және көп қырлы процесс. Алайда, бұл күш-жігер ақталды, өйткені ақпараттық мәдениет тез өзгертін ақпараттық әлемге бейімделе алатын табысты және сауатты тұлғаны қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Лавриенко Н.А. Педагогический потенциал курса и условия повышения его эффективности: Автореф. дис. - М., 2005. - Режим доступа: www.sigla.rsl.ru
2. Франц Р. В. Педагогическое взаимодействие в процессе самостоятельной работы учащихся как условие формирования информационной культуры школьников и студентов [Электронный ресурс]. - Режим доступа: www.september.ru
3. Шабанов А.Г. Формирование информационной культуры обучающихся и обучающихся как условие эффективности дистанционного обучения [Электронный ресурс]. - Режим доступа: www.muh.ru.
4. Артюшкин О.В. Формирование информационной культуры - новая задача в подготовке специалиста в вузе // Вестн. Хакас. гос. ун-та. Сер. 1: Информатика. - Абакан, 2003. - Вып. 5. - С. 9-12.
5. Эверт Н.А. Этика и деонтология педагога в обновленном образовании: учеб.-метод. пособие. - Красноярск, 2008. -352 с.

ҒТАМР 14.07.05

СТУДЕНТТІК ОРТАДАҒЫ КИБЕРБУЛЛИНГТІ АЛДЫН АЛУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Муканова Нуржанат Ергеновна

Mukanova.nurzhanat@inbox.ru

8D01103 – «Педагогика және психология» БББ 1 курс докторанты,

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орындарында кибербуллинг мәселесінің пайда болуы мен оны алдын алу бойынша шетелдік зерттеулер талданған. Дәстүрлі буллингке қарағанда кибербуллингтің тез таралуы мен

салдары қарастырылған. Сонымен қатар кибербуллингті алдын алудың тұжырымдамалық моделі ұсынылған.

Annotation. The article analyzes foreign studies on the emergence and prevention of the problem of cyberbullying in higher educational institutions. The faster spread and consequences of cyberbullying are considered than traditional bullying. A conceptual model of cyberbullying prevention is also proposed.

Түйін сөздер: Кибербуллинг, студенттік орта, әлеуметтік желі, өзін-өзі бағалау төмендігі, әлеуметтік баға.

Keywords: cyberbullying, student environment, social networks, low self-esteem, social assessment.

Бүгінгі таңда тұлға тәрбиесіне жаһандық даму үдерісі мен цифрлық ортаның өлшеусіз оң ықпалымен қатар, теріс бағыттағы әсері де өз зардабын тигізуде. Бұл орайда буллинг, үрей, стресс, агрессияның жеке тұлғаның қалыпты дамуы мен психикалық жәй-күйіне жағымсыз ықпалын атап өткен жөн. Буллинктің цифрлық ортадағы баламасы кибербуллинг деп қарастырылады. Кибербуллингті басқаларға зиян келтіру немесе ыңғайсыздық туғызу үшін бірнеше рет агрессивті хабарламалар жіберетін, жеке адамдар мен адамдар топтарына электрондық болмаса цифрлық құрылғылар арқылы жүзеге асырылатын кез келген мінез-құлық түрі деп анықтайды.

Зерттеулер көрсеткендей, кибербуллингтің мақсаты вертуалды кеңістікте адамға зиян келтіре отырып, оның психологиялық және әлеуметтік мәселелерге шалдығу қаупін арттырады. Денсаулық сақтау институты кибербуллинктің тигізетін әсерін бірқатар сипаттамаларға байланысты дәстүрлі буллингпен салыстырғанда, одан да жойқын болуы мүмкін екенін анықтады, оларға:

1. кибербуллингтің үлкен аудиторияға таралу мүмкіндігі;
2. кибербуллингке қарсы тұру қиын, өйткені бұл жәбірленуші қай жерде болса да жүзеге аса береді;
3. қылмыскерлер жәбірленушінің эмоционалды реакцияларымен күресуге мәжбүр емес, өйткені олардың арасы сандық немесе электронды құрылғылармен бөлінген;
4. жәбірленушілерге қылмыскерлердің әрекеттерінен аулақ болу қиынырақ, өйткені олардың анонимділігі және әлеуметтік желі арқылы жәбірленудің кең таралуы себепкер болады [1].

Бастауыш және орта мектеп оқушылары кезігетін кибербуллинг туралы зерттеулердің көптігіне қарамастан, бүгінгі күнге дейін университет студенттері арасындағы кибербуллинг аз зерттелген. Студенттер кибербуллингті жоғары білім берудегі маңызды мәселе ретінде қабылдамайды және оның көрінісі мектепке қарағанда айтарлықтай төмен екеніне сенімді. Бірақ кибербуллингтің нақты жағдайлары студенттердің университет қабырғасында жеке тәжірибеге ие болғанын мойындайды. Бұл тұрғыда студенттер орта мектептегі кибербуллинг сыртқы айырмашылықтармен немесе ішкі иерархиямен байланысты деп санайды, ал университеттегі кибербуллинг жыныстық

мінез-құлыққа, саясатқа, қаржылық немесе әлеуметтік келіспеушіліктерге қатысты мәселелерден туындайды деп қарастырылады [2].

Шетелдік зерттеулерге сәйкес, жоғары білім берудегі кибербуллингтің таралуы 8 % - дан 56% - ға дейін ауытқиды және қауіпті мәтіндік хабарламалар алу, жыныстық қудалау, қауесет тарату, жалған тұлға құру сияқты көріністерді қамтиды. Университет студенттері арасындағы кибербуллингті талдаулардың көпшілігі АҚШ-та жүргізілді. Алғашқы зерттеуді 2004 жылы Финн бастап, 339 қатысушының 15% кибербуллингке электрондық пошта және жедел хабар алмасу Viber, WhatsApp арқылы тап болғанын көрсетті.

2010 жылы әлеуметтік желі құрсауында екі студенттің басына түскен қайғылы жағдай тудырған кибершабуылдардың салдарынан кейін әртүрлі АҚШ университеттерінде кибербуллингпен байланысты зерттеулердің көбеюі байқалды. Шетелдік зерттеушілер киберқауіпсіздікті әлеуметтік-экономикалық теория шеңберінде түсіндіруге тырысады, оған сәйкес кибербуллинг ішкі және тұлғааралық факторлардың өзара әрекеттесуінен туындауы және сақталуы мүмкін. Осы факторлардың ішінде эмоционалды және әлеуметтік себептер кибербуллинг динамикасында маңызды рөл атқарады. Жәбірленушінің жеке өзін-өзі бағалау сипаттамалары, сондай-ақ құрдастарымен қарым-қатынас сияқты буллинг және әлеуметтік баға факторлары үлкен маңызға ие.

2011 жылы Marsh H.W. дәстүрлі буллингтегі құрбандық жәбірленушінің өзін-өзі бағалауымен байланысты екенін көрсетті [3].

Тұлғааралық факторлардың ішінде дәстүрлі буллингке қатысудың бұрынғы тәжірибесіне ерекше мән беріледі. J.W. Patchin, S. Hinduja жасөспірім кезіндегі кибербуллингтің ең сенімді болжаушысы бұзақы ретінде де, жәбірленуші ретінде де дәстүрлі буллинг тәжірибесі екенін анықтады. Студент шақтағы кибербуллингтен жәбір көруші мектепте буллинг құрбаны болуы ықтимал [4].

2012 жылғы Kowalski, Morgan және Limber зерттеулерінде дәстүрлі буллинг мектептен кейін онлайн режимінде жалғасқанын анықтады. Дәстүрлі буллинг неғұрлым жиі орын алса, кибербуллингтің пайызы соғұрлым жоғары болды [5].

Кибербуллинг көріністерінің жиілігі жастардың жасына қарай әлеуметтік желіні пайдалануды ата-аналық бақылаудың әлсіреуіне және ақпараттық-коммуникациялық технологияларға қол жетімділіктің артуына байланысты өрбуі мүмкін деп саналады. Буллингтің осы екі түрі арасындағы байланыс студенттердің үлгісінде іс жүзінде зерттелмеген болып табылады. MacDonald, Roberts-Pitman жұмыстарында АҚШ-тағы университет студенттері арасындағы дәстүрлі буллинг пен кибербуллинг мінез-құлқы байланысы 0.22 ден 0.65 дейінгі диапазонда екендігі белгілі болды [6].

Tomsa R., Jenaro C., Campbell M. және Neacsu D. өз зерттеулерінде Болгариядан келген студенттердің 31,5%-ы кибербуллинг құрбандарының дәстүрлі буллингтан зардап шеккені туралы хабарлады [7].

Caravaca F., Falcon M., Navarro-Zaragoza J., Luna Ruiz-Cabello A.L.,

Rodrigues O. және Luna Maldonado A. еңбектерінде дәстүрлі буллинг құрбандарының 40,7%-ы кибербуллинктің құрбаны болғанын анықтады [8].

Шетелдік зерттеулер нәтижелері университетте кибербуллинктің құрбаны болғандар мен мектепте буллингке ұшырағандар арасында статистикалық маңызды байланыс бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Кибербуллинкте өзін-өзі бағалаудың маңыздылығы жалпы бағалау ретінде анықталады. Сонымен қатар бастауыш және орта мектептегі дәстүрлі буллинг құрбандарының өзін-өзі бағалауы төмен деп саналады. Бұл өзін-өзі бағалауы төмен адамдар өзін-өзі бағалауы жоғары адамдармен салыстырғанда жиі буллинг құрбаны болатынын көрсеткен бірқатар басқа зерттеулерді растайды. Кибербуллинг пен өзін-өзі бағалау арасындағы байланысты саралай келе, кибербуллинг құрбандарының өзін-өзі бағалауы кибербуллингке қатысы жоқ жастарға қарағанда айтарлықтай төмен екені айқын. Жоғары оқу орындары студенттері тап болған кибербуллинг пен өзін-өзі бағалау арасындағы байланыс аз зерттелген.

2011 жылы Zacchilli T.L. және Valerio C.V. студенттік ортада өзін-өзі бағалау мен кибер-құрбандық арасындағы байланысты анықтау үшін корреляциялық талдау жүргізді. Жәбірленушілермен мәлімделген өзін-өзі бағалау арасындағы маңызды байланыс зерттеу нәтижесінде дәлелденбеді [9].

2014 жылы Brack K. және Caltabiano N. Австралия студенттері арасындағы кибербуллинг құрбандары мен құрбан болмағандар қатынасының өзін-өзі бағалау айырмашылықтарын талдады. Сонымен қатар кибербуллингке қатысы жоқ адамдар кибер құрбан ретінде жіктелген студенттермен салыстырғанда өзін-өзі бағалаудың ұқсас деңгейлерін көрсеткені анықталды [10].

Әлеуметтік баға жастарды құрдастарының қабылдауы немесе қабылдамауы дәрежесі ретінде анықталады. Дәстүрлі буллинг саласындағы алдыңғы зерттеулер құрдастарының қолдауының болмауы құрбандыққа әкелуі мүмкін екенін көрсетті. Бұзақылық құрбандарының агрессорлармен және буллингке қатысы жоқ жастармен салыстырғанда достары аз, сондай-ақ достық қарым-қатынасты сақтауда қиындықтар көп болып табылады.

Кибербуллинг пен әлеуметтік ортадағы қабылдау арасындағы байланыска ерекше назар аударатын зерттеулер негізінен жасөспірімдер топтарындағы әлеуметтік қолдаудың рөлін талдауға бағытталған. АҚШ-та Williams K.R. және Guerra N. оқушылардың өз жасындағы достарының қамқорлығы мен көмегін түсінуі жасөспірімдер арасындағы онлайн-құрбандықтың төмен деңгейімен байланысты екенін анықтады. Жақында Испандық жасөспірімдер қатысқан зерттеу кибербуллинктің әлеуметтік қолдаудың жоқтығымен және әлеуметтік саладағы қиындықтармен байланысты екендігі анықталды. Кибербуллинг әлеуметтік бейімделуі осал ұлдар мен қыздардың арасынан таңдайды, олар әлеуметтік жағынан оқшауланған, сондықтан өздерін қорғай алмайды.

Фин университетінде жүргізілген жұмыстар ЖОО буллингі қалай жоюға болатындығы туралы мәліметтер жинауға бағытталған. Нәтижелерді талдай келе, студенттердің университет билігі мен құрдастарының эмоцио-

налды қолдауы кибербуллингпен күресудің тиімді стратегиясы болады деп сенетінін көрсетті. Британдық студенттер қатысқан Myers C.A., Cowie H. зерттеулері әлеуметтік қолдаудың буллинг мәселелерін шешу үшін өте маңызды екенін анықтады [11].

Сонымен қатар Dilmac университет студенттері арасындағы кибербуллингтің болжамды факторлары ретінде психологиялық қажеттіліктерді талдау кезінде кибербуллингке қатыспаған студенттердің әлеуметтік қолдауы жоғары екенін анықтады.

Жоғары білім берудегі кибербуллинг мәселесі бойынша шетелдік әдебиеттерге жүргізілген теориялық талдау жәбірленушінің жеке өзін-өзі бағалау сипаттамаларына және олардың құрдастарымен қарым-қатынасына байланысты ерекше факторларды одан әрі зерттеудің маңыздылығын атап өтті. Буллинг және әлеуметтік баға жоғары оқу орындарының студенттерінің үлгісінде нақтыланды. Сонымен қатар, білім беру ортасында кибербуллингтің алдын-алудың маңыздылығына ғана емес, сонымен бірге кибербуллинг құрбандары кеңес сұрай алатын және олардың мәселелерін тыңдайтын адамдармен тұлғаралық қатынастарды қалыптастыруға назар аудару қажет. Кибербуллинг қоғамдық денсаулық сақтау мәселесі ретінде танылды.

Соңғы жылдары жарияланған осы құбылысқа арналған әдебиеттердің аз ғана бөлігі кибербуллингтің алдын алу және онымен күресу үшін қабылданған стратегияларға қатысты және бұл стратегиялардың тиімділігі жеткіліксіз болып табылады. Физикалық буллингке қарсы үгіт-насихат жүйелі жүргізілгендіктен едәуір азайып келеді, ал «кибербуллинг» деп аталатын технологиялық қорқыту керісінше көбею үстінде. Кибербуллингтің студенттерге тигізетін кері әсерін Feinberg T., Robey N. т.б. академиялық мәселелерден, өзін-өзі бағалаудың төмендігінен және депрессиядан сыртқы зорлық-зомбылыққа дейін әкеледі деп өз зерттеулерінде баяндады. Кибербуллингтің құрбаны көбінесе мүгедектер, артық салмақты, аз салмақты, нәсілдік және гендерлік нұсқалар сияқты физикалық айырмашылықтары бар студенттер болып табылады. Одан басқа эмоционалды күйзеліске ұшыраған және танымал емес, интеллектісі әртүрлі студенттер де жатады. Кибербуллингке күресу дағдылары аз, қарым-қатынастары нашар және бұзақылықты басқалардың араласуынсыз жеңе алмайтын студенттер ұшырайды.


Johnson L.D. кибербуллингті әлеуметтік желілердегі әр түрлі ортадан шыққан адамдар саналы немесе бейхабар басқалардың артықшылықтарын пайдаланатын күнделікті құбылыс деп сипаттады. Кибербуллингтің сезімталдығы жеке адамдар арасында әр түрлі болады, өйткені кейбір адамдар бұзақыны қарым-қатынасты ұзу үшін бұғаттау, досына хабарлау немесе қорықпау үшін хабарламаларды оқымай-ақ жою арқылы оң жауап береді. Керісінше басқа адамдар мазасыздыққа, академиялық қиындықтарға және тіпті депрессияға ұшырауы мүмкін. Кибербуллинг әлеуметтік желі арқылы қудалау, жағымсыз ат қою, қауесеттермен бөлісу, ұялту т.б. заңсыз әрекет ретінде қарастырылады. Олар әрі қарай кибербуллингті киберагрессия, интернет-вирустардың негізсіз таралуы, бухгалтерлік есепті бұзу, жалаңаш

суреттерді тарату және адамдарға балағат сөздер қолдану арқылы жеке өмірге қол сұғу деп тұжырымдайды. Әлеуметтік медианы пайдалану әртүрлі адамдардың оның ықтимал тәуелділігі, буллинг және бүкіл әлем бойынша студенттерге әсері туралы алаңдаушылығын арттырды. Австралия университетіндегі студенттердің шамамен үштен бір бөлігі ағылшын тілін үйрену кезінде кибербуллингке ұшырағанын және бұл олардың оқу үлгерімі мен әлауқатына теріс әсер еткенін анықтады.

Дәстүрлі буллинктің шамамен 30%-ы кибербуллинг болды, ал дәстүрлі бұзақылықтың әрбір үшінші құрбаны кибербуллинктің құрбаны болды. Кибербуллинг көбінесе белгісіз немесе іс жүзінде анонимді болып табылады, олар тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн әрекетін тоқтатпайды. Олардың аудиториясы әлемнің кез келген жерінде болуы мүмкін, діттеген мақсатқа жету мүмкіндігіне ие. Бұл құбылыс бірнеше тәсілдер арқылы орын алуы және бірнеше кейіпте көрінуі мүмкін. Осы сипаттары кибербуллинг таралуын анықтауға және алдын алу бағдарламаларын әзірлеуге келтіретін қиындықтардың бірі.

Австралиядағы 120 студентке зерттеу жүргізіліп, олар балалардың 11%-ы кибербуллинг, ал 14%-ы кибервиктим деп танылғанын анықтады. Кибербуллинг құрбандарға терең және ұзақ әсер етуі мүмкін. Бірнеше зерттеулер кибербуллинг құрбандарының психикалық денсаулығының проблемаларына, нашакорлыққа және суицидтік ойларға бейім екенін хабарлайды. Сонымен қатар кибербуллинг пен эмоционалдық, әлеуметтік және академиялық қиындықтар арасындағы байланысты анықтады. Бұл жәбірленушілік жағдайларын болжау үшін қолданылған факторларға жас, жыныс, әлеуметтік желіні пайдалану ниеті жатады. Әлеуметтік желіні пайдалану жиілігі кибербуллинктің қауіпті факторы ретінде де анықталды. Кибербуллинкті алдын алудың тәуелсіз және тәуелді айнымалылар арасындағы байланысты көрсету үшін 1-кестеде тұжырымдамалық моделі (Kombo K. және Tromp A. нақты мақсатты орындауға бағытталған моделін бейімдеу негізінде) құрастырылған.

1- Кесте Кибербуллинкті алдын алудың тұжырымдамалық моделі



Кибербуллингті алдын алу стратегиясының Кибербуллингті алдын алу-дың тәуелсіз айнымалысы тәуелді айнымалысы

Кибербуллингті алдын алу стратегияларын қолдану осы зерттеудің тұжырымдамалық шеңберіндегі тәуелсіз айнымалыға айналады, сәйкесінше кибербуллингті алдын алу тәуелді айнымалы болып табылады. Студенттерге кибербуллингті алдын алу стратегияларын қолдану, кибербуллинг жағдайларын азайту үшін көбірек хабардар болудың қалай көмектесетінін көрсетеді, бұл оның толық жойылуына әкеледі [12].

Сондай-ақ, ЖОО басшылығы ішкі органдары тарапынан әлеуметтік желіні бақылау үшін қолданыстағы ережелер мен заңдарды студенттердің іс-әрекеттерінде онлайн режимінде тиімді қолдану болып табылады. Кибербуллингті алдын алудың тағы бір жолы – бұл жағымды ортаны насихаттау.

ЖОО жағымды орта дегеніміз - студенттерді оқытуға бағытталған қамқор атмосфера, өзін-өзі бағалауға ықпал ету, теріс қылықтардан мүмкіндігінше аулақ болу тәртібі және әрекеттерге төзімділік, оқытушылардың эмоционалды қолдауы. Бұл университеттің ішкі саясаты немесе ар-намыс кодексінің құрметтеудің негізгі алғышарты болып табылады.

Кибербуллингтің алдын алу әдістерінің ішіндегі ең тиімдісі студенттік ортада кибербуллинг нәтижесінде туындаған жағымсыз салдарларды көрсете отырып, әңгімелер, іс-шаралар түріндегі педагогикалық профилактика, сондай-ақ заңнамалық деңгейде бекітілген белгілі бір жауап түрінде жаза тағайындауды қарастырады. Мұның бәрі профилактикалық психологиялық-педагогикалық шаралар кешенін әзірлеу және қабылдау қажеттілігін растайды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Kift S.M., Campbell M.A., Butler D.A. Cyberbullying in social networking sites and blogs: legal issues for young people and schools // Journal of Law, Information and Science. 2010.- № 20(2). - P. 60-97.
2. Kota R., Schoohs S., Benson M. & Moreno M.A. Characterizing cyberbullying among college students: Hacking, Dirty Laundry, and Mocking // Societies. 2014. - № 4(4). - P. 549-560.
3. Marsh H.W., Nagengast B., Morin A.J., Parada R.H., Craven R.G., Hamilton L.R. Construct validity of the multidimensional structure of bullying and victimization: An application of exploratory structural equation modeling // Journal of Educational Psychology. 2011. - № 103(3). -P. 701-732.
4. Patchin J.W., Hinduja S. Cyberbullying and self-esteem // Journal of School Health. 2010. - № 80(12). - P. 614-621.
5. Kowalski R.M., Limber S.P. Psychological, physical, and academic correlates of cyberbullying and traditional bullying // Journal of Adolescent Health. 2013. - № 53(1). - P. 13-20.
6. MacDonald C.D., Roberts-Pittman B. Cyberbullying among college students: prevalence and demographic differences // Procedia: Social and Behavioral Sciences. 2010. - № 9. - P. 2003-2009.
7. Tomsa R., Jenaro C., Campbell M., Neacsu D. Student's experiences with traditional bullying and cyberbullying: Findings from a Romanian sample // Procedia. Social and Behavioral Sciences. 2013. - № 78. - P. 586-590.

8. Caravaca F., Falcon M., Navarro-Zaragoza J., Luna Ruiz-Cabello, A.L., Rodrigues O., Luna Maldonado A. Prevalence and patterns of traditional bullying victimization and cyber-teasing among college population in Spain // BMC Public Health. 2016. - № 16. - P. 176-185.
9. Zacchilli T.L., Valerio C.V. The knowledge and prevalence of cyberbullying in a college sample // Journal of Scientific Psychology. March 2011. - P. 11-23.
10. Brack K., Caltabiano N. Cyberbullying and self-esteem in Australian adults. Cyberpsychology // Journal of Psychosocial Research on Cyberspace. 2014. - № 8(2). Article 7.
11. Myers C.A., Cowie H. University students's views on bullying from the perspective on different participant roles // Pastoral Care in Education. 2013. - № 31. - P. 251-267.
12. Zinteng J., Miftawu F., Puoza D., Sadik I. Preventing Cyberbullying in Language Classrooms Among Level 100 Tertiary Students: Creating the Awareness of Its Prevalence and Effects on Students//Integrated Journal for Research in Arts and Humanities.2023. - № 5. - P.65-71.
https://www.researchgate.net/publication/373894613_Preventing_Cyberbullying_in_Language_Classrooms_Among_Level

FTAMP 14.07.05

ПРОФИЛАКТИКИ БУЛЛИНГА СРЕДИ ДЕТЕЙ НА ОСНОВЕ МОДЕЛИ СОТРУДНИЧЕСТВА «СЕМЬЯ-ШКОЛА-ВУЗ»

Оралхан Акбота Әсетқызы

akbotaa790@mail.ru

студент 2 курса магистратуры направления «Иностранный язык:
два иностранного языка», Международный университет Астана
Астана, Казахстан

Аннотация. Современное образовательное пространство столкнулось с распространением негативного явления, известного как буллинг. Эта проблема не является новой для многих стран, однако из-за своей скрытости не получила должного внимания и исследования. Несмотря на это, ученые, занимающиеся анализом буллинга, уже представили разнообразные точки зрения на его определение.

Ключевые слова: Буллинг, агрессия, межличностные отношения, образовательная среда, отроческая эпоха, подростковый возраст, учеба, родительская поддержка, коммуникация в семье, психологические последствия, влияние семьи, стиль воспитания, учитель, университет, контроль.

В современном казахстанском обществе насилие и агрессия в межличностных отношениях остаются значительными проблемами. Эти формы поведения актуализируются из-за стремления к чрезмерной индивидуализации, увеличения конкуренции, социального напряжения в повседневной жизни и разнообразных форм конфликтного взаимодействия. Эти тенденции также